

Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақ ССР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1996 жылғы 11 шілдедегі N 3/1

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құрамында: Төрағасы Ю.А.Ким және мүшелері Н.И.Акуев, О.Қ.Ихсанов, В.В.Мамонов, С.Н.Сәбікенов, В.Д.Шопин және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасы халықты Әлеуметтік қорғау министрі С.С.Айымбетов, сарапшы Қазақстан Республикасы Ғылымдар министрлігі - Ғылым Академиясының Мемлекет және Құқық институтының директоры, корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Г.С.Сапарғалиевтің қатысуымен ашық отырыста Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2-тармақшасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылған, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағына сәйкес, 1996 жылғы маусымның 12-інде Қазақстан Республикасының Парламенті дауысқа салмай-ақ қабылдаған "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақ ССР заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы маусымның 21-індегі Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің өтінішін қарай келіп, мыналарды анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 1996 жылғы маусымның 24-інде Қазақстан Республикасы Конституциясының Президентке қол қоюға ұсынылған Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағына сәйкес, 1996 жылғы маусымның 12-інде Қазақстан Республикасының Парламенті дауысқа салмай-ақ қабылдаған "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақ ССР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы маусымның 21-індегі Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтініші келіп түсті.

"Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, Қазақ ССР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңын

оқып-зерттеу мен талдау мына жағдайларды көрсетті.

Аталған Заңның 1-бабының кейбір ережелері (3, 1, 4, 5 және басқа тармақтары) "Қазақ ССР-індегі азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" 1991 жылы 17-маусымда қабылданып, Қазақ ССР-інде қолданылып жүрген осы Заңына 1995 жылғы тамыздың 30-ында республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа конституциясына сәйкестендіруге байланысты редакциялық түзетулер енгізеді.

Қолданылып жүрген осы заңдағы 10-баптың 1996 жылғы шілденің 1-нен бастап, 2001-жылғы шілденің 1-не дейінгі аралықта зейнетақы жасының бірте-бірте үш жылға ұзартылуын көздейтін төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөлімдерімен толықтырылуы Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді. Себебі Конституцияның 28-бабының 1-тармағында: "Қазақстан Республикасының азаматы жасы келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі... зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі" - деп жазылған. Конституциялық нормада келтірілгеннен көріп отырғанымыздай не зейнеткердің жасы, не зейнетақының ең төменгі мөлшері Конституцияда көрсетілмеген, олай болса, бұл көрсеткіштер Қазақстан Республикасының азаматтарына Конституцияға сәйкес ең төменгі зейнетақы мөлшері мен жасына қарай әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыруға кепілдік берілгендіктен, көрсеткіштердің өзгеріліп отыруы Конституцияға қайшы келмейді.

Алтыншы бөлікте жұмыс істеуді тоқтатқан жағдайда ер адам жасы 60-қа, әйел адам - 55-ке жетуіне байланысты және соған сәйкес 25 және 20 жыл еңбек еткен мерзімде зейнетақы тағайындалуы көзделген. Бұл жағдайда осы баптың төртінші бөлігінде белгіленген жасқа жеткенге дейін тиісті толық зейнетақы 60 процент мөлшерінде (асырауындағыларға төленетін үстеме ақыны есептемегенде) төленеді. Бұл норма қажет болған жағдайда зейнетақыға берілетін құқықты зейнетақы жасына жеткенге дейін пайдалануға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметте жүрген ер адамдар 60 жасқа жеткен кезде, мемлекеттік қызметте болуы ұзартылмаса және талап етілетін қызмет атқарған жылдары болмаған жағдайда, мемлекеттік қызметті тоқтатқан сәттен бастап, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген шарттарына сәйкес жасы келсе зейнеткерлікке құқық берілетіндігіне байланысты жетінші бөлік те Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді.

Қаралып отырған Заңның нормалары, азаматтардың кейбір топтарының зейнетақыға құқық алуының өзгертіліп отыратын, алынып тасталатын және тоқтатылып қойылатын жеңілдік беретін шарттары (баптың 8,9,10,15,18-тармақтары, 2-бап), сондай-ақ жасы жетуіне байланысты зейнетақы мөлшерін, оларды есептеп шығару мен төлеу тәртібін белгілейтін 46, 58, 81-баптардың жаңа нұсқасы да Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді, себебі, онда көрсетілген

қатынастар аясын реттейтін нормалар белгіленбеген.

Осы айтылған негіздерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1-тармағы, 2-тармақшасының Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 37-бабы жөнінде Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағына сәйкес, 1996 жылғы маусымның 12-інде Қазақстан Республикасының Парламенті дауысқа салмай-ақ қабылдаған және "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақ ССР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" және Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылған Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының 74-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоса есептегенде, қабылданған күннен бастап, қаулы күшіне енеді. Бұл шағымдануға жатпайды, түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы